



Ақмола облысы білім басқармасы  
“Көкшетау қаласы, Абай атындағы  
(қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға  
арналған №3 облыстық мамандандырылған  
мектеп – интернаты” КММ

*Жазғы демалыс кезіндегі  
балалардың өмір  
қауіпсіздігі*



# **Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі**

**Құрметті ата-аналар!**

**Сіздер білесіздер ме?**

**Барлық құқықбұзушылықтың 55%-дан астамы жазғы каникул кезінде жасөспірімдермен жасалады. Жасөспірімдердің қайғылы оқиғаға ұшырауы да негізінен жазғы каникул кездерінде болады. Сондықтан, жазғы каникул кезінде балалардың қауіпсіздігі мен қамтылуын қамтамасыз ету аса маңызды.**

**Абай атындағы №3ДБАОММИ**





**«Баламен бірге жазғы демалыста»**

Жаз - жылдың керемет мезгілі. Отбасылық демалыс – бұл өз балаңызға ең көп уақыт бөлетін кезіңіз. Бұл көптен күткен ерекше оқиғаны Сіздің балаңыз жыл бойы аңсап келді.

Жазда балалардың жазғы лагерге шығуына, туыстарға баруға, өзенге шомылып, орманда қыдыруға тамаша мүмкіндіктер туады.

Шақырайған күннің көзі, суық су, жәндіктер, тез бұзылатын тағамдар сияқты әр түрлі қауіп-қатерлер де жоқ емес.

Балалар үшін жазда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ең алдымен - ата-ананың міндеті. Егер сіз жазда демалысқа жіберетін болсаңыз – онымен суда, күн көзінде, жолда, орманда, тауда жүрудің ережелері туралы әңгімелескеніңіз жөн.

Демалыс сізге және балаңызға тек қуаныш әкелуі үшін бірнеше ережелерді сақтау керек:

Егер сіз балаңызбен айналысуға шешім қабылдасаңыз, есіңізде болсын, бұл іс-әрекеттеріңіз қысқа болуы тиіс, әрі оларды таңғы уақытта өткізген абзал. Сіздің міндетіңіз балаңыздың білімі мен өз тәжірибенізді ұштастыра отырып, оның таным көкжиегін кеңейту.

Балаңызды теледидар мен компьютерден алшақ ұстауға бар күшіңізді салыңыз, барлық бос уақыттарыңызды таза ауада өткізіңіздер, велосипед, самокат, роликтер тебіңіздер, футбол ойнаңыздар. Жаз – бұл бала денсаулығын нығайтудың жолы және оның келесі оқу жылындағы денсаулығы жазда қалай демалуына байланысты болады.

Күн тәртібін сақтауға тырысыңыз, әйтпесе қыркүйекте оған қайтып келу қиынға түседі. Ұйқының қанбауы неврозды дамытады, шаршау жиілейді. Баланың ұйқысы күніне 10 сағаттан кем болмауы тиіс.



## Жолда абай бол!

Жолдағы қауіпсіздік – бұл ата-аналар немесе қамқоршылардан үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет, бұл қауіпсіздікті елеусіз қалдыруға болмайды.

Өткен жылы жазғы уақытта балалар мен жасөспірімдердің кінәсінен тіркелген жол-көлік оқиғалары 30%-ды құраған. Әрбір баланың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлығымыздың, оның ішінде ата-ана – Сіздің де басты міндетіңіз болып табылады.

Балаңыздың бойында жолда, көшеде тәртіпті, ұқыпты, сақ және байқампаз болуға деген қажеттілікті тәрбиелеуге тырысыңыз.

Балаға жаяулар үшін де, көлік жүргізушілері үшін де ережелер бар екендігін үнемі ескертіп отырыңыз.

Балаға көшеде қараумен бірге көшеде естуді де үйретіңіз: баланың жақындап қалған көлікті естімеуінен болған қайғылы оқиғалар көп болғанын есіңізде ұстаңыз.

Балаға қарауды үйретіңіз. Балада қатаң дағды қалыптасуы тиіс: жаяу жүргіншілер жолынан шығар алдында алға қадам жасамас бұрын басын оңға, солға бұрып жан-жағын, жолдың барлық бағыттарын қарайды. Бұл балада автоматизмге дейін үйретілген болуы тиіс.

Өзіңіз де қатаң есіңізде сақтаңыз және балаңызға да үйретіңіз: кез келген көлік түріне міну үшін де, одан шығу үшін де көлік толық тоқтауы керек. Жүріп келе жатқан көліктен неліктен секіріп түсуге болмайтынын түсіндіріңіз.

Балалардың жолда бағдарлануына, жолда сақ және мұқият болуға үйретіңіз, ешқашан жақын келе жатқан көліктің алдынан жүгіріп өтуге болмайды, жаяу жүргіншілердің жол қиылыстарында,



## **Су қоймаларының жанында абай болыңыз!**

Су қоймаларында балалардың қайғылы жағдайларға ұшырауын талдау бойынша суға батқан жасөспірімдердің 50%-ы баланың суға батып бара жатқанын уақытында байқай алмаған ата-аналарымен бірге жүрген болса, қалған жартысы ересектердің қарауынсыз жүрген балалар болып шыққан. Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар! Су қоймаларының маңайында жалғыз серуендеуге рұқсат бермеңіздер. Суда балалармен бірге серуендеу кезінде оларды қарап отырыңыз, әсіресе, суға шомылу кезінде жалғыз қалдырмаңыздар. Тіпті суы таяз жерде де олармен бірге болыңыздар. Сақ болыңыздар, балаларға көмек керек болып жатса, оған немқұрайлы қарамаңыздар.

**Келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін бірнеше қағидаларды есте сақтаған жөн:**

Демалыс орындарын, судың тереңдігін, су түбінде тырбиған ағаш, балдыр немесе балшық жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Таныс су қоймаларының арналары мен түбі жыл сайын өзгеріп тұруы мүмкін.

Суға шомылып жүрген балаларды ересектер үнемі бақылауда ұстауы тиіс.

Егер ересек балалар өз беттерімен шомылуға кетіп бара жатса, құтқарушы мен медбике посты бар жағажайларға баруын қадағалаңыздар. Балаларға жүзуді үйретіңіз, сонымен қатар әр түрлі төтенше қиын жағдайлардағы жүріс-тұрыс ережелерін де үйретіңіз.



# ***Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі***

**СУДА ДЕМАЛА ЖҮРІП, ЖАҒАДА НЕМЕСЕ СУДЫҢ ІШІНДЕ ТӨНЕТІН  
ҚАУІП-ҚАТЕР БАР ЕКЕНДІГІН ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ.  
ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ–СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ  
АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ ШАРТЫ.**

*Мектеп оқушылары мен ата-аналары балалардың суға шомыла білмеуі,  
адамдардың судағы қауіпсіздік ережелері шараларын орындамауы орны  
толмас қайғы мен өкінішке әкеліп соғады.*



***Абай атындағы №3ДБАОММИ***



# ***Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі***

Суда жүзу тәртібі:

- Суық суда (судороги) бұлшық еттің тартылуы пайда болу мүмкін
  - Суда көп уақыт өткізу сізді шаршатуы мүмкін.
  - Шаршағанды немесе тоңғанды сезсеңіз, тез бұрылыңыз және жағаға қарай жүзіңіз.
  - Өз күшіңізді сақтаңыз. Мезгіл сайын арқаға жатып демалыңыз. Қатты тоңып қалмау үшін демалуды тым созбаңыз.
  - Егер сіз жағаға өз күшіңізбен жететіндігіңізге сенбесеңіз, онда арқаға жатып, басқа адамдардың зейінін аударту үшін қолыңды жоғары көтеріп шайқаңыз.
- Суға батушыға алғашқы көмек көрсету бойынша ұсыныстар:
- Суға батып бара жатқан адамды көре салысымен бірінші айналадағылардың назарын:
- «Адам батып бара жатыр!», - деп айғайлап аудару қажет.





## **Өрт қауіпсіздігі**

Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез үйден кету. 101-ге хабарласып өрт сөндірушілерді шақырту. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады. Есінде сақта 101 бұл өрт сөндіру қызметі!

**Сіздің әрекетіңіз:**

- 1.Түтіннің иcін сезгеннен кейін үйден тез кетіңіз. Кез келген шүбіректі сулап ауызыңызбен мұрынды жабыңыз сосын енкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.
- 2.Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктермен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді.
- 3.Егер өрт қатты коридорда жанып тұрса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен щельдарды жауып, есікке көрпе н/е пальто іліңіз . Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз.
- 4.Егер сізге біреуді өрттен күтқару керек болса, онда өзінді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді жоғалсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шығалады. Ауызымен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз.
- 5.Егер күтқарған адам түтінмен демалып санасын жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз. Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиі дем алу, жүрек айналуы, сананы жоғалту.

**ЕГЕР ӨРТ ҚАТТЫ ЖАНЫП ТҰРМАСА. Сіздің әрекетіңіз:**

- 1.Өртті бір затпен (көрпе, пальтомен) үстінен жабасалыңыз. Содан кейін үстінен су кұйыңыз.
- 2.Түтінмен демалмауға ұмтылыңыз. Мұрынды және ауызынды ылғал шүбірекпен орап қойыңыз.
- 3.Өрттен жанып тұрған заттарды алмаңыз, өйткені ол өрттің таралудың себепкері болады.
- 4.Өртті шетінен бастап ортаға қарай сөндіру керек.



## Баланың ғаламтордағы қауіпсіздігі!

Қазіргі уақытта Ғаламтор желісіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау мен шынайы өмірдегі қауіпсіздік ережелері өзара тығыз байланысты!

Баланың қалыпты дамуына нәсілге бөлінуші және экстремистік сайттар, есірткілер, порнография және т.с.с. туралы ашық ақпараттар қауіп төндіреді. Ғаламтор қойнауы адамгершілік құндылықтармен қатар, қаржылық – зиянды бағдарламалар: құрттар, вирустар, «қоңырау шалулар» тәрізді қауіптерге душар етуде.

Өз балаларыңыздың Ғаламтор желісінде еркін жүзуіне жол жібермеңіздер: Ғаламторға қол жеткізуді бақылау қажет, тыйым салынған сайттарға шығуды, экстремизм, деструктивті діни ағымдар, құмар ойындар, нашакорлық және т.б. насихаттаушы қауіпті ресурстарды шектеу керек. Компьютердің, планшеттер мен смартфондардың браузерлеріндегі сайттарға кіру тарихын үнемі қадағалап қарап отыруға кеңес береміз, әсіресе, Сіздің балаңыз тіркелген YouTube каналына назар аударыңыздар.

Сіздің балаңыздың «Facebook», «Вконтакте», «Одноклассники», «Инстаграм» т.б. әлеуметтік желілеріндегі виртуалды достарына назар аударыңыздар.

Қаперіңізде жүрсін. Балалар қандай сайттарды пайдаланатынын білу маңызды. Тәртіпті қадағалап отыратын модераторлары бар сайттарды пайдаланған дұрыс. Көптеген чаттар мен форумдарда бейресми түрде қарым-қатынас жасауға мүмкіндік бар. Балаңыздың бейресми түрде таныс емес адамдармен қарым-қатынас жасамауын талап етіңіз.

**Сіздің  
Балаңыздың  
қауіпсіздігі**





**Құрметті ата-аналар,  
балаларыңызды қорғаңыздар!**

Сіздің балаңыздың үйде және көшедегі қауіпсіздік ережелерін есте сақтаңыздар.

Күн сайын балаңызға қайталап айтып отырыңыз:  
Өз үйінен, ауласына алыстап кетпесін.

Көшедегі бейтаныс адамдардың қолынан ештеңе алмасын.  
Бірден бөлектеу кетіп қалсын.

Танымайтын адамдарға есік ашпасын.



**Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі**





Сізден балаңыздың жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік ережелерінің сақталуын орындау туралы

және келесі нұсқаулықтарды орындауыңызды сұраймыз және ескертеміз.

*Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері:*

- 1) Балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) Демалыс кезінде су қауіпсіздігін сақтауын қадағалау; жасы кішкене балаларды өздігінен өзенге жібермеу; өзенге шомылғанда терең жерге бармау туралы ескерту;
- 3) Сіріңке, жарылғыш, тез жанғыш заттарды, пышақ, тағы да басқа денсаулыққа зиян әкелетін заттарды қолдануға болмайтынын ескертіп отыру;
- 4) Демалыс мезгілінде кешкі 22.00-ден кейін далада жүрмеуге; жолда, көшеде келе жатқанда бейтаныс адамдармен қарым-қатынасқа түспеуге, сөйлесуге болмайтынын ескертіп отыру.
- 5) Ауылды мекендерде орналасқан ойын сауықтыру мекемелеріне (кафе, ресторан т.б) мектеп оқушыларының баруға болмайтыны туралы, тыйым салынатынын ескертіп отыру.
- 6) Жол қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау, үлкен жолда арнайы, жаяу жүргіншілерге арналған жолмен жүру қажеттігін үнемі ескертіп отыру;
- 7) Теріс діни ағымдар ықпалына түспеу жолдарының бірі белгісіз сайттарға кірмеу; тегін ұсынған газет, журналдар, кітаптарды бөтен адамдардың қолынан алмау керектігін ескертіп отыру;
- 8) Компьютерді пайдаланғанда, теріс ықпалы байқалған сайттар мен ойындарға кіруіне тыйым салыңыз;
- 9) Балалардың отпен ойнамауын қатаң қадағалаңыз! Балаларыңызды өз еркімен электр құралдарына жақындатпаңыз!
- 10) Бүгінгі күнде қоғамда адам өміріне қауіп төндіретін, зорлық-зомбылық жағдайлардың ішінде, баланы ұрлау, жәбірлеу жолдары, өзіне қол жұмсау жағдайлары кездеседі. Осы жағдайларды болдырмау үшін қоғам, соның ішінде ата-ана баланың уақытын тиімді ұйымдастыруы қажет. Баланы аялау, жылы сөйлеу, назар аудару, баланың ақылды, ұстамды, мейірімді азамат болып өсуіне көп ықпал етеді.

Аталған нұсқаулықтардың орындалуы, талаптардың қатаң сақталу жауапкершілігі ата-аналарға міндеттеледі.



**Құрметті ата-ана, жазғы демалыс кезінде  
балаңыздың өмір қауіпсіздігіне  
толық жауап бересіздер!**

*Оқушыларымызды көңілді демалыс, жайдары, жарқын  
жаз қарсы алуда. Балаларымыз жазғы демалысты  
көңілді өткізіп, денсаулықтарын жақсартып, жаңа оқу  
жылында жаңа күш-жігермен алтын ұя мектебімізге  
оралуларына тілектеспіз!*

**Абай атындағы №3ДБАОММИ**





# ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НОМЕРЛЕРІ

Бірыңғай кезекші- диспетчерлік қызметі	Полиция	Терроризмге қарсы «Қауырт желі»	Жедел медицина- лық жәрдем
112	102	110	103







ДЕПАРТАМЕНТ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
КОМИТЕТ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ  
МИНИСТЕРСТВА ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ НА ВОДЕ



1



Запрещено купаться в необорудованных  
для купания местах

2



Не купайтесь в одиночку,  
поблизости должны быть люди!

3



Не ныряйте в незнакомых местах!  
Неизвестно, что там может  
оказаться на дне!

4



Не заплывайте далеко от берега  
на надувных матрасах и кругах!

5



Не плавайте на самодельных  
устройствах - они могут не  
выдержать ваш вес и перевернуться!

6



Не оставляйте детей без  
присмотра возле воды!

7



НЕ распивайте спиртные напитки,  
находясь у воды!

8



НЕ цепляйтесь за лодки, буйки,  
катамараны и другие плавсредства!





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КОМИТЕТІ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ

# СУДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1



Жабдықталмаған жерлерде  
шомылуға тыйым салынады

2



Суға жалғыз түспеңіз,  
жаныңызда адамдар болуы тиіс!

3




Бейтаныс жерге сүңгімеңіз!  
Су түбінде не бар екені белгісіз!

5



Қолдан жасалған құрылғыларда жүзуден  
аулақ болыңыз, олар сіздің салмағыңызды  
көтере алмай, аударылуы мүмкін

6



Су жағасында балаларды  
қараусыз қалдырмаңыздар!

7



Су жағасында  
ішімдік ішпеңіздер!





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КОМИТЕТІ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ

# СУДА ҚАТЕРГЕ ҰШЫРАҒАН АДАМҒА АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУ

## ҚОЛТЫҒЫНАН ҰСТАП СҮЙРЕУ



Құтқарушы суға батушыны қол астынан ұстап, шалқасынан жүзе отырып сүйреп шығарады.

## ШАШЫНАН СҮЙРЕУ



Суға батушыны бір қолмен шашынан немесе жағасынан ұстап, басын су бетінде ұстауға тырысып, кез келген тәсілмен жүзу.

## ШЫНТАҒЫНАН ЖОҒАРЫ ҰСТАП СҮЙРЕУ



## АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУ



Зардап шегушінің басын қисайта бұрып аузын құмнан, лайдан, ал асқазан мен тыныс алу жолдарын судан тазартыңыз. Осы әрекеттерге 15 секундтан артық уақыт кетпеуі тиіс.



Зардап шегушінің дем алуын және тамыр соғысын анықтаңыз. Бұлар байқалмаған жағдайда ауызбен дем алдыру қажет. Мойын астына киімді орап төсеп, басын барынша шалқайту керек. Мұрынын қысып тұрып, құтқарушы терең дем алып, зардап шегушінің аузына дем береді.








ДЕПАРТАМЕНТ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ  
КОМИТЕТ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ  
МИНИСТЕРСТВА ВНУТРЕННИХ ДЕЛ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# ОКАЗАНИЕ ПОМОЩИ ТЕРПЯЩЕМУ БЕДСТВУ НА ВОДЕ

## БУКСИРОВКА С ПОДДЕРЖКОЙ ПОДМЫШКИ



Спасатель поддерживает тонущего подмышки и буксирует его, плавая на спине.

## БУКСИРОВКА ЗА ВОЛОСЫ



Схватить тонущего одной рукой за волосы или за ворот и плыть любым способом, стараясь удержать голову пострадавшего над водой.

## БУКСИРОВКА С ЗАХВАТОМ ВЫШЕ ЛОКТЕЙ



## ОКАЗАНИЕ ДОВРАЧЕБНОЙ ПОМОЩИ



Голову пострадавшего повернуть на бок и очистить рот от песка и ила. Удалить воду из дыхательных путей и желудка. На все это не должно уходить более 15 секунд.



Установить, есть ли у пострадавшего дыхание и пульс. При отсутствии приступать к искусственному дыханию «изо рта в рот». Под шею положить одежду, свернутую в валик, чтобы голова пострадавшего была максимально запрокинута назад. Зажав пострадавшему ноздри, спасающий делает глубокий вдох и энергичный выдох в открытый рот пострадавшего.





# Применение спасательных средств



Спасательный круг



"Конец Александрова"




Весло или шест




Спасательные шары



# Оказание помощи пострадавшим на воде




**ИСПОЛЬЗУЙТЕ ДЛЯ СПАСЕНИЯ ЛЮБЫЕ ПОДРУЧНЫЕ СРЕДСТВА !**




**НЕ ОТПЛЫВАЙТЕ ОТ ПЕРЕВЕРНУВШЕЙСЯ ЛОДКИ ДО ПРИБЫТИЯ ПОМОЩИ !**



# Что должен знать каждый школьник о мерах безопасности при купании



**ПЕРЕД КУПАЛЬНЫМ СЕЗОНОМ ОБЯЗАТЕЛЬНО  
ПОСЕТИТЕ ВРАЧА !**




**НЕ ПЕРЕОХЛАЖДАЙТЕСЬ И НЕ ПЕРЕГРЕВАЙТЕСЬ !  
ПОСЛЕ ПРИЕМА ПИЩИ СДЕЛАЙТЕ ПЕРЕРЫВ 1,5 -  
- 2 ЧАСА !**

**НЕ КУПАЙТЕСЬ ПРИ ТЕМПЕРАТУРЕ : воды - ниже 18°  
воздуха - ниже 22°**



# Как вести себя на воде в летнее время



**НЕ ИСПОЛЬЗУЙТЕ ДЛЯ ПЛАВАНИЯ САМОДЕЛЬНЫЕ  
УСТРОЙСТВА !  
ОНИ МОГУТ НЕ ВЫДЕРЖАТЬ ВАШ ВЕС И  
ПЕРЕВЕРНУТЬСЯ !**



**НЕ ЗАПЛЫВАЙТЕ ДАЛЕКО ОТ БЕРЕГА НА НАДУВНЫХ  
МАТРАСАХ И АВТОМОБИЛЬНЫХ КАМЕРАХ !**